

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Соңғы жаңартылым: 2024 жылғы 1 қазан

Бұл саясат «<https://supernovas.indrive.com/coaching>» оқу платформасының пайдаланушыларының («сіз» немесе «сіздің/сіздің/сіздердің») жеке деректерін өңдеуге inDrive тәсілдемесін сипаттайды (бұдан әрі — «Платформа»). Платформа пайдаланушыларының жеке деректерін жинау, өңдеу және қорғауды «Инсервис (Inservice)» ЖШС, БСН 160440019452 («біз» немесе «бізді/бізге») жүзеге асырады.

Біз қандай деректерді жинаймыз

Тіркеу деректері: тегі, аты, әкесінің аты, пайдаланушы күйі (мысалы, студент, мұғалім), туған күні, жынысы, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі, тұрғылықты жері мен аймағы, білім деңгейі, спорт саласындағы жұмыс тәжірибесі, жұмыс орны, лауазымы, Платформаны пайдалану себептері және сіз бізге Платформаны пайдалану аясында беретін өзге де деректер.

Сіз бізге жіберген **хат-хабарлардағы ақпарат** кез келген тіркемелері бар электрондық хаттарды, бізге жасаған телефон қоңырауларының жазбаларын және олармен байланысты метадеректерді қамтуы мүмкін.

Cookie файлдары және бақылау технологиялары. Біз ақпаратты cookie файлдары, пиксельдер, тегтер және басқа да ұқсас пайдаланушы әрекеттерін бақылау технологиялары арқылы жинаймыз.

Біз сіздің деректеріңізді қалай пайдаланамыз

Біз сіздің ақпаратыңызды келесі мақсаттарда пайдаланамыз:

- Сізге Платформаны пайдалануға мүмкіндік беру;
- Платформа туралы кері байланыс жинау;
- Платформаны пайдалану бойынша статистикалық және өзге де зерттеулер жүргізу;
- Сіздің сұрауларыңызға жауап беру және сізбен байланысу;
- Сізге Supernovas және Қазақстан футбол федерациясының жобалары туралы ақпараттық таратылымдарды жолдау;
- inDrive тобының, біздің пайдаланушылардың немесе жұртшылықтың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- Заңнама талаптарын сақтау.

Сіздің деректеріңізді кімге береміз

Біз сіздің ақпаратыңызды

- **компаниялар тобының ішінде** жібере аламыз: біздің корпоративтік топтың бас, еншілес немесе аффилирленген компаниясы.
- Платформаның жұмысы мен дамуын қамтамасыз ету мақсатында **Қазақстан футбол федерациясы**.

Бизнесті беруге байланысты ақпарат беру. Біз сіздің ақпаратыңызды жеке деректер берілетін активтердің қатарына кіретін ірі корпоративтік мәміле шеңберінде бере аламыз.

Қызмет көрсетушілердің ақпарат беруі. Біз сіздің ақпаратыңызды біздің қызмет көрсетушілерімізге (мысалы, бухгалтерлер, кеңесшілер, бағдарламалық қамсыздандыру жеткізушілеріне) іскерлік мақсатта жеткізе аламыз.

Заңды себептер бойынша ақпарат беру. Құқықтарды қорғау және заңды міндеттемелерді орындау үшін қажет болған жағдайда біз сіздің ақпаратыңызды аша аламыз.

«Біз сіздің деректеріңізді қалай пайдаланамыз» бөлімінде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін біз сіздің ақпаратыңызды inDrive компаниялар тобының мүшелеріне және Қазақстан Республикасынан тыс басқа да ұйымдарға, оның ішінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етпейтін шет мемлекеттердің аумағына беруге құқылымыз. Біз кез келген шетелдік алушының сіздің деректеріңізді біз өңдейтін стандарттарға сәйкес өңдеуін қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдаймыз.

Сіздің құқықтарыңыз бен таңдау мүмкіндіктеріңіз

Сіздің дербес деректеріңізге қатысты сіз құқылысыз:

- бізге электрондық поштаға немесе «Байланыс» бөлімінде көрсетілген мекенжайға тиісті сұрау салу жолдау арқылы сіздің дербес деректеріңізді пайдалануымыз туралы ақпарат алуға, сондай-ақ ұсынылған ақпаратты өзгертуге, жаңартуға, толықтыруға немесе жоюға;
- осындай хаттарда «жазылымнан бас тарту» сілтемесін қолдану арқылы ақпараттық хаттардан бас тартуға;
- шолғышыңызда cookie файлдарын жою және cookie файлдарының баптауларын өзгерту.

Біз сіздің деректеріңізді қалай сақтаймыз

Біз сіздің ақпаратыңызды «Біз сіздің деректеріңізді қалай пайдаланамыз» бөлімінде көрсетілген мақсаттарға жету үшін қажет болғанша сақтаймыз.

Біз сіздің деректеріңізді қалай қорғаймыз

Біз сіздің ақпаратыңызды өңделетін дербес деректерді заңсыз таратуға, өзгертуге, жоюға немесе оларға рұқсатсыз қол жеткізуге әкеп соғатын кез келген рұқсатсыз әрекеттерден қорғау үшін жеткілікті техникалық, құқықтық және ұйымдастырушылық қауіпсіздік шараларын қолданамыз.

Өзгерістер енгізу

Біз осы Құпиялылық саясатын заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып немесе Платформаның жұмыс тәртібі байланысты мезгіл-мезгіл жаңарта аламыз. Құпиялылық саясатына өзгерістер енгізілген жағдайда, біз сізге осы беттің жоғарғы жағындағы «Соңғы жаңартылым» күнін өзгерту арқылы, сондай-ақ Құпиялылық саясатының жаңа нұсқасын жариялау және қолданыстағы заңнамаға сәйкес кез келген басқа хабарламаларды жіберу арқылы хабарлаймыз.

Байланыс

Сіз бізбен байланыса аласыз:

- supernovas@indrive.com электрондық пошта мекенжайына электрондық хат жолдау арқылы; немесе

- Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Гагарин даңғылы, 124-үй, 899 т.о., 050000 (алушы — «Инсервис (Inservice)» ЖШС) мекенжайына хат жолдау арқылы.